

**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**

Даниял және құпия түс



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: Jonathan Hay
Alastair Paterson**


Бейімдеген: Mary-Anne S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankuzy

**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

**Набуходоносор патша түс көрді, сол түсі оны қатты
мазасыздандырды. Құдайдың күдіретімен Даниял
патшаға оның түсінің мағынасын айтып бере алды.**



Даниялдың бірінші ісі – патшаның түсін ол анық суреттеп берді. «Сіз орасан зор мүсіннің салтанатты көрінісін көрдіңіз, уа, патша! Оның пішіні айрықша болды!»



3

«Мүсіннің басы алтыннан жасалған», – деп Даниял сөзін жалғастырды.




4

«Оның кеудесі мен қолдары күмістен жасалған».



5

«Оның іші мен сандары қоладан жасалған».



6

«Оның балтырлары темірден, ал табандары жартылай темір мен жартылай қыштан жасалған».




7

Патшаға мүсінді сипаттап берген Даниял оған түсінің қалған бөлігін де айтып берді.



8

«Сіз тасты қолдың көмегінің қалай кескенін байқадыңыз», – деді Даниял патшаға.



9

«Тас болса мүсінді темір мен қыштан жасалған аяғынан ұрып, оларды қиратып тастады».




10

«Содан кейін мүсін шаңға айналып, желмен ұшып кетті». Даниял аздап үзіліс жасады. «Ал тас орасан зор тауға айналып жерді толтырды».



11

Патша қайран қалды. Ол дәл осыны білуді аңсаған еді! Даниял мұны қайдан біле алды? Құдай Даниялға айтып бергендіктен ғана білді. Сонда Даниял Набуходоносор патшаға бұл түстің мағынасын айтып берді.



12

«Көктегі Құдай сізге патшалық, билік, күш пен даңқ берді», – деді Даниял патшаға. – «Сіз сол алтын бастың дәл өзісіз».



13

Даниял патшаға алтын патшалығының ақыры келетінін айтты. Мүсіннің күміс бөлігі оның орнына одан гөрі әлсіздеу патшалық келетінін білдіреді. Қола тағы бір патшалықты білдіреді. Ал темір мен қыш төртінші патшалықты білдіреді.



Патшалық 1

Патшалық 2

Патшалық 3

Патшалық 4

14

Даниялдың патшаға айтқанының ең соңғысы мынау болды: «Көктегі Құдай ешқашан талқандалмайтын патшалық құрады».



15

Патша өзінің түсін және оның мағынасын білуге қажетті даналықты Даниялға бере алған Құдай ғана екенін мойындады. Набуходоносор Даниялға мол байлық сыйлап, оны патшалықтағы маңызды адам етті.



16



Құдай Патшалығы төртінші патшалықтан кейін келеді. Мәсіх жер бетінде патшалық құрады. Ал бұл таяуда іске асуы мүмкін!

1, 2 және 3 патшалықтардың заманы өтті.

17

Даниял және құпия түс

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Даниял 2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

32



60

19